

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

GRI 2-22

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР!

«KEGOC» АҚ компаниясының 2024 жылға арналған Жылдық есебін сіздердің назарларыңызға мақтанышпен ұсынамын. Бұл есеп — жай ғана сандар мен деректер жиынтығы емес, бұл — біздің командамыздың бірлескен еңбегінің нәтижесі, жетістіктеріміз бен болашаққа деген биік мақсаттарымыздың көрінісі.

2024 жыл компаниямыз үшін ерекше маңызды кезең болды. Электр энергиясын тұтыну көлемінің артуы жағдайында Ұлттық электр торабындағы жұмыстың сенімділігін қамтамасыз ете отырып, біз туындаған сын-тегеуріндермен сәтті күрестік. Жаңа ауқымды жобалардың іске қосылуы энергетикалық жабдықтаудың сенімділігін арттыруға және жаңартылатын энергия көздерін белсенді дамытуға деген ұстанымымызды растады.

Біздің жұмысымыздың маңызды бағыты заманауи технологияларды, соның ішінде цифрландыру мен электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу болды. Бұл қадамдар процестерді оңтайландыру мен тиімділікті арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Директорлар кеңесі қаржылық көрсеткіштер мен барлық стейкхолдерлеріміздің мүдделеріне қол жеткі-

зу мақсатында белсенді жұмыс жүргізді. Біз 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын қайта қарап, саладағы қазіргі сын-қатерлер мен қажеттіліктерді ескердік. Бұл — экономиканың өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз етуге және тиімділікті арттыруға бағытталған түзетілген инвестициялық бағдарламаны қамтиды.

Біз филиалдарымыздың жұмысын жақсырақ түсініп, командалық рухты нығайту үшін көшпелі кеңестер өткізу тәжірибесін жалғастырып келеміз. Бұл — жұмысымызды және серіктестермен өзара іс-қимылды жақсартудың жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы қаржылық нәтижелеріміз тұрақтылық пен сенімділікті растайды. Акционерлерімізге төленген дивидендтер — басқару тиімділігіміздің айқын дәлелі. Халықаралық рейтинг агенттіктерінің жоғары несие рейтингтері инвесторлардың сенімін нығайтып, инфрақұрылымдық жобаларымызды қаржыландырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қауіпсіздік саласында біз LTIFR және FAR коэффициенттері бойынша нөлдік деңгейге жеттік, ал технологиялық бұзушылықтар саны 34%-ға азайды. Бұл — ұжымымыздың кәсібилігі мен жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

«KEGOC» АҚ компаниясының барлық қызметкерлеріне адалдығы мен жоғары жетістіктері үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында біз энергетика саласында жаңа белестерді бағындырып, алға сенімді қадам басудамыз.

Біз болашаққа үлкен үмітпен қараймыз. Бірлескен күш-жігер мен жаңашылдыққа ұмтылысымыз арқылы барлық мақсаттарымыз бен міндеттерімізге қол жеткізетінімізге сенімдіміз.



ЕРНАТ ҚҰБАЙБЕРГЕНҰЛЫ
БЕРДІҒҰЛОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы